

XFTAP 314.15(574.4)

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2024-149-4-123-133>

Ғылыми мақала

## Шығыс Қазақстандағы сыртқы халық көші-қоны географиясындағы қазіргі үрдістер

Т.Т. Турсынова<sup>1</sup> , А.Ж. Ахметова<sup>2\*</sup> , И.В. Закировз<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Уфа ғылым және технологиялар университеті, Уфа, Ресей

(E-mail: <sup>1</sup>tangaltt@mail.ru, <sup>2</sup>Akhmetova01.bnl@gmail.com, <sup>3</sup>ziv7702@yandex.ru )

**Анната.** Бұл мақалада Шығыс Қазақстандағы көші-қон жағдайы географиялық аспектілерге сүйене отырып талданған. Зерттеу аймаққа халықтың келуі мен кетуі туралы 2004 жылдан 2022 жылға дейінгі көші-қон ағындары деректеріне негізделген. Мақалада көші-қон сальdosы жылдар бойынша қарастырылып, көші-қон ағындарының негізгі бағыттары және олардың үрдістері белгіленеді, сондай-ақ аймақтағы көші-қон үдерістеріне әсер ететін факторлар талданады. Ұсынылған қорытындылар Шығыс Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің динамикасы мен ерекшеліктерін әлеуметтік-географиялық және демографиялық аспектілерді ескере отырып, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл аймақтағы көші-қон үдерістерін басқарудың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін маңызды болып табылады. Ұсынылған нәтижелер сонымен қатар сыртқы және ішкі көші-қон ағындардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалауға мүмкіндік береді, бұл халықтың аумақтық үйымдастырылу үдерістерін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** көші-қон, Шығыс Қазақстан, халықтың кетуі, көші-қон факторлары.

Түсті: 10.10.2024. Мақұлданды: 22.11.2024. Онлайн қолжетімді: 31.12.2024.

\* - автор-корреспондент

### Kіріспе

Қазақстан дүние жүзілік көші-қон үдерістерінің белсененді қатысуышы: реисми деректер бойынша, 2022 жыл бойынша, елге келгендер саны 17425 адамды, кеткендер саны 24147 адамды құрады. Көші-қон сальdosы 6722 адамды құрады [1].

Көші-қон үдерістері Қазақстанның демографиялық дамуында, әсіресе Шығыс Қазақстан сияқты, шекаралық аймақтар үшін айтартлықтай рөл атқарады. Ішкі көші-қон үдерістерін географиялық көзқарас түрфысынан зерттеу, әсер етуші факторларды, айқындаушы көші қон бағыттары мен көші-қон толқындарының

көлемін айқындауға мүмкіндік береді, бұл халық көші қонының әлеуметтік және экономикалық аспектілерін басқаруға мүмкіндік береді. Шығыс Қазақстан аймағы, 1 миллионнан астам халық санымен, өз кезегінде, елдегі көші-қон сальdosы теріс көшбасшы облыстар қатарына кіреді [2].

Шығыс Қазақстан аймағы демографиялық өткел үстінде, бұл аймақтағы халық санының азауына алып келуде, әсіресе бұл құбылыс ауылдық аймақтарда орын алуда. Көші-қон зерттеулеріндегі басты мәселелердің бірі – көші-қон ағындарының көлемін, құрылымын және бағыттарын анықтайтын факторларды талдау болып табылады. Бұл зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу әдістері мен нәтижелері құрайды.

Цайка М. және Рейнпрехт К. ұсынған адаптивті көші-қон теориясына сәйкес, климаттық және экологиялық өзгерістер аймақтың халықтың құрылымына әсер етеді, бұл жағдай халықтың көші-қон үдерістерін тереңдетеді. Мысалы, климаттық өзгерістер ауылдық аймақтарда тұратын халықтың көшуіне тұрткі болуы мүмкін [3]. Г. Хансон және К. МакИнтош әзірлеген кросс-шекаралық экономикалық байланыстар моделі Шығыс Қазақстан аймағындағы көші-қон үдерістерінің экономикалық негізін түсіндіруге көмектеседі. Бұл модель арқылы, ауылдық аймақтардың экономикалық дамуы төмен болғандықтан, тұрғындардың Қазақстанның және ТМД-ның басқа аймақтарына көшуі түсіндіріледі [4]. Х. Де Хаас теориясы жаһандану мен жергілікті факторлардың интеграциясы арқылы Шығыс Қазақстандағы көші-қон динамикасын талдауға мүмкіндік береді. Бұл теория экономикалық өзгерістер мен мемлекеттік саясаттың әсерін қарастыра отырып, халықтың көші-қон шешімдерін анықтайды [5]. А. Портес және Р. Рамбаут ұсынған әлеуметтік интеграция теориясы шеңберінде, мигранттардың әлеуметтік құрылымға қосылу үдерісі зерттеледі. Бұл фактор Шығыс Қазақстандағы көші-қон үдерістеріне ықпал ететін әлеуметтік желілер мен байланыстардың рөлін айқындауға көмектеседі [6]. Ж. Родриг және Т. Нотебум ұсынған географиялық модель, ішкі көші-қонның экономикалық теңсіздігін Шығыс Қазақстандағы ауыл мен қала арасындағы көші-қон ағындарының себептерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Экономикалық айырмашылықтар, тұрғындардың ірі қалаларға және елдің орталық аймақтарына көшуіне алып келуде [7]. Ж. Бонгаартс және Т. Соботка ұсынған көші-қон үдерістерінің тұрақтылық теориясы көші-қонның демографиялық және экономикалық өзгерістерге жауап беру қабілетін зерттейді. Шығыс Қазақстандағы көші-қонның дамуы, экономикалық көрсеткіштер мен халықтың құрылымындағы өзгерістермен тығыз байланысты [8].

Осылайша, қазіргі заманғы теориялар мен модельдер, мысалы, адаптивті көші-қон теориясы, кросс-шекаралық экономикалық байланыстар модель, жаһандану мен жергілікті факторлардың интеграциясы, әлеуметтік интеграция, экономикалық теңсіздік модель және көші-қон үдерістерінің тұрақтылығы, Шығыс Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің себептері мен сипатын тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл теорияларды қолдану халық көші-қоның демографиялық, экономикалық және әлеуметтік факторлардың аймақ тұрғындарының қозғалысына әсерін ашып, әр түрлі қырынан талдауға мүмкіндік береді.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу Шығыс Қазақстан облысындағы көші-қон үдерістерін талдауға бағытталып, негізгі материал ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2004–2022 жылдар аралығындағы деректері, аймақтық есептер мен мемлекеттік органдар ұсынған мәліметтер пайдаланылды. Көші-қон үдерісін түсіндіру үшін Халықаралық көші-қон ұйымы (ХКҰ) берген анықтама негізге алынды,


оған сәйкес көші-қон адамдардың тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерін ауыстыру арқылы белгілі бір аумақтардың шекарасын кесіп өтуін білдіреді. 1990-шы жылдардағы көші-қон үдерістерінің күрделілігіне қарамастан, дағдарыс кезінде ғылымды қаржыландырудың жеткіліксіз болуына байланысты Қазақстанда көшіконды жүйелі зерттеу жүргізілмегенін атап өткен жөн. Көші-қон мәселелері негізінен этносаяси, 6 Шығыс Қазақстанның демографиялық ахуалына ықпал етуші факторлар этнодемографиялық және тарихи аспектілерде зерттелді [9].

Материалдар сандық және сапалық тұрғыдан өндөліп, көші-қонның негізгі бағыттары мен үрдістері анықталды. Зерттеуде жүйелік және проблемалық тәсілдер қолданылып, көші-қонның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдары кешенді қарастырылды. Сонымен қатар, статистикалық әдістер мәліметтерді талдау үшін, мазмұнды талдау әдісі көші-қонның себептері мен салдарын анықтау үшін, ал картографиялық әдістер көші-қон бағыттарын визуализациялау үшін қолданылды. Зерттеу кезеңдері мәліметтерді жинау және өндеуден бастап, аймақтық ерекшеліктерді анықтау, нәтижелерді картографиялық визуализациялау және қорытындылар әзірлеуге дейінгі жұмыстарды қамтыды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

2004 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Шығыс Қазақстан облысының көші-қон үрдістері сапалық және сандық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырады. 90-жылдары көші-қон процестері қарқынды жүріп, әміргранттар санының жоғары болуымен ерекшеленген кезең 2000 жылдардың ортасына қарай салыстырмалы тұрғыда тұрақты кезеңге орын берді. Мұндай өзгерістер елде болған саяси және экономикалық реформалармен қатар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік демографиялық саясатын сәтті іске асыруымен де байланысты. Бұл өзгерістер оралмандарды оңтайлы тұрғыда орналастыру, еңбек ресурстарын тарту және басқа да мемлекеттік аймақтық даму бағдарламаларының нәтижесінде жүзеге асырылды.

Қазақстанның физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық ерекшеліктері өңіраралық көші-қонға айтартылғанда ықпал етеді. Климаттық жағдайлар, әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары және әлеуметтік-мәдени жағдайлар халықтың көші-қон қозғалысының негізгі географиялық факторлары болып табылады. Шығыс Қазақстан облысында кіріс және шығыс ағындарының арасында өңіраралық көші-қон ерекше рөл атқарады, бұл ретте облыс елден тыс жерлерге халық жоғалтуды тұрақты тұрғыда (жылына 3-4 мың адам) көрсетуде. Облысқа көшіп келушілер негізінен Павлодар және Қарағанды облыстарынан, ал соңғы жылдары – мемлекеттік бағдарлама арқасында – Алматы, Түркістан, Жамбыл және Қызылорда облыстарынан келеді. Сонымен бірге, аймақтан ел ішіндегі негізгі ағын Астана және Алматы қалаларына бағытталған (2022 жылы теріс сальдо 4,5 мың адам). Өңіраралық көші-қон Шығыс Қазақстан облысының адами әлеуетінің сапасына кері әсер етуде, ейткені ең белсенді және білікті, еңбекке қабілетті тұрғындар басқа аймақтарға кетуде.

**Сурет 1. Шығыс Қазақстан облысына кету және келу ағындарының үлесі (%)**

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [10]

Сызбада сыртқы және өніраалық көші-қон ағындарының барлық кетулер мен келулердің 2006-2019 жылдардағы үлесін есептеу нәтижелері көрсетілген. Осы кезең ішінде келушілер ағынындағы аймақаралық көші-қон басым болды және соңғы бес жылда 90% -дан асты. Қарама-қарсы ағымда, 2000 жылдардың басында аймақаралық көші-қон үлесі 20% -ға жетіп, нәтижесінде оның үлесі шамамен 3 есе өсті [10].

Шығыс Қазақстан облысының аймақаралық көші-қон сальдосы тұрақты теріс мәнмен сипатталады. Сонымен, 2009-2019 жж. Он жылдық мерзімге бұл көрсеткіш 2013 және 2015 жылдары тек екі рет. нөлден жоғары болды (1-сурет).

2000-2021 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысының халық саны динамикасының талдауы, бірнеше маңызды үрдістерді көрсетті. Біріншіден, ауылдық аймақтар айтартлықтай халық санын жоғалтты, бұл осы аймақтардағы экономикалық және әлеуметтік инфроқұрылымның жағдайын көрсетеді. Сараланған жылдардың көбінде, ауылдық аймақтардан халықтың 50%-дан көбі, кей жылдары 100%-дан астамы көшіп кетті. Аталған құбылыс осы аймақтардағы халық үшін орын алған, жұмыспен қамтылу және әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігі сияқты күрделі қатерлерді көрсетеді.


Екіншіден, Өскемен және Семей қалалық аудандарында да халық санының теріс динамикасы байқалады, бірақ, кейбір жылдары оң өзгерістер байқалады. Мысалы, Өскемен қаласында 2010 және 2015 жылдарда халықтың өсімі байқалады. Бұл өзгерістер өнірге қоныстанушыларды тарту бағдарламаларын жүзеге асыру және қалалық инфроқұрылымның дамуымен байланыстыруға болады.

Шығыс Қазақстан облысы халықтың сыртқы көші-қоны сальдосы бойынша деректерге сәйкес, өзгерістер әр түрлі жылдарда болған. Максималды теріс сыртқы көші-қон сальдосы 2021 жылы тіркелген, 6 515 адамды құрап, зерттеу кезеңіндегі ең төменгі көрсеткіштен, 2009 жылы болған 460 адамнан 3 173 адамға немесе 94,2%-ға асып түсті (2-сурет).

Шығыс Қазақстанға келгендер бойынша деректерді саралау, ауқымды өзгерістер әр түрлі жылдарда болғанын көрсетті. Максималды келгендер саны 2009 жылы 12,329 адамды құрады, бұл 2000 жылы тіркелген 7,860 адамнан 4,469 адамға, немесе 56.9%-ға көп.

Шығыс Қазақстан облысынан 2000-2021 жылдар аралығында кеткендер бойынша деректердің талдауы бірнеше маңызды үрдісті көрсетті. Біріншіден, әр жылдарда кеткен адамдар санының айтарлықтай өзгеру динамикасы байқалады. Әсіресе, 2002 жылы және 2019 жылдан 2021 жылға дейін.

Сонымен қатар, қала және ауыл тұрғындары арасындағы, және облыстың жеке аудандары арасындағы айырмашылықтарын байқауға болады. Мысалы, кейбір аудандарда кеткендер санының тұрақты төмөндеуі байқалса, кейбірінде тұрақты өсім көрсетеді.



## **Сурет 2. ШКО көші-қон сальдосы (2021 ж.)**

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [10]

2004 жылдан 2022 жылға дейінгі маңызды елдер мен жылдар бойынша Шығыс Қазақстан облысына келгендердің пайыздық арақатынасын талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

- Ресей көптеген жылдары мигранттардың жалпы санының 60%-дан астамын құрап, негізгі көші-қон көзі болып қала береді, 2004 жылы Ресейден келген мигранттар үлесі шамамен 86%-ды қураған кезде ең жоғары көрсеткішке жетті;
  - ТМД елдері де айтарлықтай рөл атқарады, бірақ олардың үлесі 2014 жылдан бастап біртіндеп төмендеп, шамамен 33%-дан 2022 жылға қарай 10%-дан аз деңгейге түсті;



**Сурет 3. ШҚО-на қоныстанған қандастар саны (2018-2022 жж.)**

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [10]

- Қырғызстан мен Өзбекстаннан келген мигранттардың легі 2000 жылдардың басында шарықтау шегіне жетті, бірақ уақыт өте келе олардың үлесі соңғы жылдардың 5%-дан төмен деңгейге дейін азайды (3-сурет) ;
- Монголия мен Қытайдан келген мигранттардың үлесі салыстырмалы түрде елеусіз болып қала береді, бірақ 2022 жылға қарай кейбір өсім байқалады;
- Басқа елдер мигранттардың жалпы санының өзгермелі үлесіне ие, бірақ олардың жалпы үлесі уақыт өте келе де азайып келеді (4-сурет);




**Сурет 4. ШҚО жалпы көші-қон сальдосы**

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [10]

Жалпы алғанда, Ресей Шығыс Қазақстан облысына көші-қонның негізгі доноры болып қала береді, ал басқа елдерден келген мигранттардың үлесі біртіндеп азайып жатыр.

2004 жылдан 2022 жылға дейін Шығыс Қазақстан облысынан кетіп қалғандардың шығу елдері бойынша пайыздық арақатынасын талдай отырып, келесіні атап өтуге болады:

- Ресейге кеткендердің үлесі 2004 жылдан 2022 жылға дейін төмендеді, көптеген жылдары жалпы кеткендердің шамамен 30%-дан 50%-ға дейінгісін құрады;
- ТМД елдерінің жалпы кеткендер санындағы үлесі де осы кезеңде азайып, 15%-дан 45%-ға дейін өзгерді (5-сурет);
- Украина жалпы кеткендер саны бойынша өзгермелі үлеске ие болды, 2007 және 2008 жылдары оның үлесі шамамен 5%-ды құраған кезде ең жоғары көрсеткішке жетті;
- АҚШ, кеткендердің аз үлесіне ие болғанымен, көптеген жылдары тұрақты үлесті сақтап, жалпы кеткендердің шамамен 0,5-1%-ын құрады;



**Сурет 5. ШҚО елдер бойынша сыртқы көші-қон сальdosы**

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [10]

- Басқа елдерге кеткендердің үлесі елеусіз болып қалды, бірақ 2022 жылға қарай олардың шамалы өсуі байқалып, жалпы кеткендердің шамамен 3%-ын құрады [10].

Осылайша, 2000-2022 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысының сыртқы көші қон сальdosы ауытқуларды көрсетеді. Облысқа келгендердің санының елеулі ауытқуы және аймақтан кеткендердің айтарлықтай өсуі байқалады, сондай-ақ ауытқуларға қарамастан, Ресей мен ТМД елдеріне көші-қон сияқты кейбір көші-қонлық бағыттар тұрақты болып қала береді.

Қазақстан халқының аумақтық қоныстану көрінісі негізінде өңіраралық көші-қон елдің физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық ерекшеліктерінің күшті ықпалы болуда. Климаттық жағдайлар, аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы, әлеуметтік-мәдени жағдайлар халықтың көші-қонының негізгі географиялық факторлары болып табылады.

## Қорытынды

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы мен оның әр өнірі үшін халықтың көші-қон алмасу процестері стратегиялық маңыздыға ие болып отыр. Өкінішке орай, елдің шығыс аймақтарында, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысында да, теріс көші-қон халық санының табиғи азаюымен бірге тұрақты төмендеу факторына айналды. Шығыс Қазақстан облысы негізінен көші-қон доноры ретінде әрекет етеді, және аймақтағы көші-қонның жоғары деңгейі әлеуметтік-экономикалық дамудың жеткіліксіздігіне байланысты. Бұл жағдай көші-қон мәселесінің маңыздылығын арттырып отыр.

Зерттеу нәтижелері негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- аймақта халықтың басқа өнірлерге кетуінің негізгі себебі - экономиканың тұрақсыздығы мен қанағаттанарлықсыз жағдайы;
- 2004-2005 жылдары әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруы көші-қон деңгейінің төмендеуіне ықпал етті: 2003 жылғы 7,9 мың адамнан 2005 жылы 1,2 мың адамға дейін азайды. Дегенмен, көші-қонның негізгі теріс факторлары әлі де жойылмаған. Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда, Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайының айырмашылығы көші-қонның бағыты мен сипатын анықтауда басты рөл атқарады;
- әлеуметтік-экономикалық себептермен қатар, «кедейліктен қашу» секілді әлеуметтік-психологиялық әсерлер де халықтың аймақтан көшуіне ықпал етуде. Басқа ерекше факторлар айқын емес;

- көші-қон жағдайын тұрақтандыру үшін мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бірлескен жұмысы маңызды. Көші-қон саясаты аумақтың ерекшеліктерін, соның ішінде географиялық, этнодемографиялық, экономикалық және мәдени факторларды ескеріп, көші-қон мәселелерін шешуге бағытталуы қажет.

Осылайша, 2000-2021 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысының сыртқы көші қон сальdosы ауытқуларды көрсетеді, облысқа келгендердің санының елеулі ауытқуы және аймақтан кеткендердің айтартықтай өсуі байқалады, сондай-ақ ауытқуларға қарамастан, Ресей мен ТМД елдеріне көші-қон сияқты кейбір көші-қондық бағыттар тұрақты болып қала береді.

Қазақстан халқының аумақтық қоныстану көрінісі негізінде өніраралық көші-қон елдің физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық ерекшеліктерінің күшті ықпалы болуда. Климаттық жағдайлар, аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы, әлеуметтік-мәдени жағдайлар халықтың көші-қонының негізгі географиялық факторлары болып табылады [11].

**Қаржыландыру:** авторлар есебінен.

**Мұдделер қақтығысы:** жоқ.

**Авторлардың қосқан үлесі:** Концептуализация – Т.Т. Тұрсынова; әдістемесі – И.В. Закиров, түпнұсқа жобасын дайындау – А.Ж. Ахметова. Барлық авторлар қолжазбаның жарияланған нұсқасымен танысып, келісті.

## Әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі [Электрон. ресурс] - URL: <http://stat.gov.kz> (өтініш берген күн: 10.09.2024).
2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайты [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memlekет/entities/akimvko> (өтініш берген күн 10.09.2024).
3. Czaika M., Reinprecht C. Migration and Adaptation: Measuring the Mobility Consequences of Climate Change // Nature Climate Change. -2022. - V.10., №10. - P. 920-927. DOI: [https://doi.org/10.1007/978-3-030-92377-8\\_3](https://doi.org/10.1007/978-3-030-92377-8_3)
4. Hanson G.H., McIntosh C. Is the Mediterranean the New Rio Grande? U.S. and E.U. Immigration Pressures in the Long Run//Journal of Economic Perspectives. - 2016. - V.30, №4 - P. 57-82. DOI: <https://doi.org/10.1257/jep.30.4.57>
5. De Haas H. The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World//*Ethnic and Racial Studies*. - 2015. - V.38., №13. - P.23-55. DOI: <https://doi.org/10.1080/01419870.2015.1050048>
6. Portes A., Rumbaut R. Immigrant America: A Portrait. - University of California Press. - 2014. - 119 p.
7. Rodrigue J.-P., Notteboom T. The Geography of Transport Systems. - Routledge.- 2024. - 402 p.

8. Bongaarts J., Sobotka T. A Demographic Explanation for the Recent Rise in European Fertility//Population and Development Review. - 2012. - V.38, №1. - P.83-120. DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1728-4457.2012.00473.x>
9. Алексеенко А.Н. Демографические кризисы в Казахстане. XX век. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2007. – 96 с.
10. Қазақстан Республикасының Стартегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті [Электрон. ресурс]. URL: <https://stat.gov.kz/region/vko> (өтініш берген күні 10.09.2024).
11. Шынгысбаева Ш., Саипов А. Тәуелсіздік жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы демографиялық ахуалдың қалыптасуына әсер ететін көші-қон үрдістерінің географиялық бағыттары//КазҰУ хабаршысы. География сериясы. - 2021. - №2. - Б.29-38. DOI: <https://doi.org/10.26577/JGEM.2022.v64.i1.01>

**Т.Т. Тұрсынова<sup>1</sup>, А.Ж. Ахметова<sup>2</sup>, И.В. Закиров<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>3</sup>Уфимский университет науки и технологий, Уфа, Российская Федерация

## **Современные тенденции географии внешней миграции населения Восточного Казахстана**

**Аннотация.** Данная статья представляет собой анализ миграционной ситуации в Восточном Казахстане с учетом географических аспектов. Исследование основано на данных о миграционных потоках, включающих прибытие и выбытие населения из региона в период с 2004 по 2022 год. В статье рассматривается общее сальдо миграции по годам, выделяются основные направления географии миграционных потоков и их тенденции, а также анализируются факторы, влияющие на миграционные процессы в регионе. Представленные выводы позволяют лучше понять динамику и особенности миграционных процессов в Восточном Казахстане с учетом социально-экономических и демографических аспектов, что является важным для разработки эффективных стратегий управления миграционными процессами в разработке региональной социальной политики. Представленные результаты также позволяют оценить влияние внешних и внутренних миграционных потоков на социально-экономическое развитие региона, что способствует более глубокому пониманию процессов территориальной организации населения.

**Ключевые слова:** миграция, Восточный Казахстан, отток населения, факторы миграции.

**T.T. Tursynova<sup>1</sup>, A.Zh. Akhmetova<sup>2</sup>, I.V. Zakirov<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Ufa University of Science and Technology, Ufa, Russian Federation

## **Current Trends in the Geography of External Migration in Eastern Kazakhstan**

**Abstract.** This article presents an analysis of the migration situation in Eastern Kazakhstan, considering geographical aspects. The study is based on data on migration flows, including arrivals and departures of the population from the region from 2004 to 2022. The article examines the overall migration balance by year, highlights the main directions of migration flows and their trends, and analyzes the factors influencing migration processes in the region. The presented conclusions contribute to a better understanding of the dynamics and peculiarities of migration processes in Eastern Kazakhstan, taking into account socio-economical and demographic aspects, which is important for the development of effective migration management strategies and social policies in the region. The presented results also allow for an assessment of the impact of external and internal migration flows on the socio-economic development of the region, contributing to a deeper understanding of the processes of territorial organization of the population.

**Keywords:** migration, Eastern Kazakhstan, population outflow, migration factors.

## References

1. Ultyq statistika byuros Qazaqstan Respublikasynyn Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] - Available at: <http://stat.gov.kz> (: 10.09.2024).
2. Shygys Qazaqstan oblysy akimdiginin saity [Website of the Akimat of East Kazakhstan Region]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko> (accessed : 10.09.2024).
3. Czaika M., Reinprecht C. Migration and Adaptation: Measuring the Mobility Consequences of Climate Change // Nature Climate Change. -2022. - V.10., №10. - P. 920-927. DOI: [https://doi.org/10.1007/978-3-030-92377-8\\_3](https://doi.org/10.1007/978-3-030-92377-8_3)
4. Hanson G.H., McIntosh C. Is the Mediterranean the New Rio Grande? U.S. and E.U. Immigration Pressures in the Long Run // Journal of Economic Perspectives. - 2016. - V.30, №4 - P. 57-82. DOI: <https://doi.org/10.1257/jep.30.4.57>
5. De Haas H. The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World//Ethnic and Racial Studies. - 2015. - V.38., №13. - P. 23-55. DOI: <https://doi.org/10.1080/01419870.2015.1050048>
6. Portes A., Rumbaut R. Immigrant America: A Portrait. - University of California Press. - 2014. - 119 p.
7. Rodrigue J.-P., Notteboom T. The Geography of Transport Systems. - Routledge.- 2024. - 402 p.
8. Bongaarts J., Sobotka T. A Demographic Explanation for the Recent Rise in European Fertility//Population and Development Review. - 2012. - V.38, №1. - P.83-120. DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1728-4457.2012.00473.x>
9. Qazaqstan Respublikasynyn Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ultyq statistika byurosynyn Shygys Qazaqstan oblysy boyynsha departamenti [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, Department for East Kazakhstan Region]. Available at: <https://stat.gov.kz/region/vko> (accessed 10.09.2024).
10. Alekseenko A.N. Demografizeskie krisisi v Kazahstane. XX vek. [Demographic crises in Kazakhstan. XX century.] // -Ust-Kamenogorsk: Media Alliance.-2007. - 96 p.
11. Shyngysbaeva Sh., Saipov A. Tauelsizdik zhyldarynda Shygys Qazaqstandagy demografiyalыq ahualdyn qalyptasuna aser etetin keshi-qon yrdissteriniq geografiyalыq bafytary [Geographic Directions of Migration Processes Influencing the Formation of the Demographic Situation in East Kazakhstan during the Years of Independence]//KazUU habarshysy. Geografiya seriyasy. - 2021. - №2. - P. 29-38. DOI: [https://doi.org/10.26577/JGEM.2022.v64.i1.01\[in Kazakh\]](https://doi.org/10.26577/JGEM.2022.v64.i1.01[in Kazakh])

## Авторлар туралы мәлімет:

**Тұрсынова Т.Т.** – ғылыми жетекші, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің физикалық және экономикалық география кафедрасының доценті міндетін атқарушы, Александр Пушкин көшесі, 11, 020000, Астана, Қазақстан

ORCID 0000-0003-4403-6737

**Ахметова А.Ж.** – хат-хабар авторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс докторанты, Александр Пушкин көшесі, 11, 020000, Астана, Қазақстан  
ORCID 0009-0001-1959-3737

**Закиров И.В.** – доцент, география ғылымдарының кандидаты, Уфа Ғылым және технологиялар университетінің Табигат және адам институтының туризм, геоурбанистика және экономикалық география кафедрасының менгерушісі, Степан Кувыкин көшесі, 94, 450106, Уфа, Башқортостан Республикасы, Ресей.

ORCID 0000-0003-3596-8831

**Tursynova T.T.** – Scientific Supervisor, Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor of the Department of Physical and Economic Geography, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Alexander Pushkin Street, 11, 020000, Astana, Kazakhstan.

ORCID 0000-0003-4403-6737

**Akhmetova A.Zh.** – Corresponding Author, 2nd-year Doctoral Student at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Alexander Pushkin Street, 11, 020000, Astana, Kazakhstan.

ORCID 0009-0001-1959-3737

**Zakirov I.V.** – Associate Professor, Candidate of Geographical Sciences, Head of the Department of Tourism, Geourbanistics, and Economic Geography at the Institute of Nature and Human, Ufa University of Science and Technology, Stepan Kuvykin Street, 94, 450106, Ufa, Republic of Bashkortostan, Russia.

ORCID 0000-0003-3596-8831



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).